

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің мүлкін сенімгерлік басқаруға
беру мақсатында сенімгерлік басқарушыны таңдау бойынша
конкурстық комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

27 сәуір 2024 жыл сағат 09:00

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің (әрі қарай – Серіктестік/ОТК) мүлкін сенімгерлік басқаруға беру мақсатында сенімгерлік басқарушыны таңдау бойынша конкурстық комиссияның (әрі қарай – Комиссия) отырысын өткізу орны: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 25 шағын аудан, №34 ғимарат, Серіктестіктің акт залы.

Комиссия отырысына қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

Н. Арипов

Комиссия төрағасының орынбасары:

Ә. Полат

Комиссия мүшелері:

Серіктестіктен:

Б. Суйеу
М. Ғинаят
Н. Кубенова
Б. Торгаев

Жұмыскерлер өкілдері:

А. Реймов
С. Косанов
Н. Кулчабаев
Т. Казбеков
А. Абишев

ҚМГ және ЕТҰМС:

Б. Аманиязов
Ж. Балуанов
К. Изтелеуов
Ж. Шегемов
А. Мунгалов
Н. Ділмағанбет
Р. Балдеков

Шақырылғандар:

Т. Ерданов
Н. Кушакбаев

Отырыс модераторы:

Е. Турниязов

Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің 22.02.2019 жылғы шешімімен (№3 хаттама) бекітілген «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру үшін сенімгерлік басқарушыны таңдау ережесіне сәйкес, Комиссия, егер оның отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, шешім қабылдауға құқылы, осыған байланысты, Комиссия отырысын өткізу үшін кворум бар.



Күн тәртібі: Сенімгерлік басқарушыны таңдау жөніндегі конкурсқа (әрі қарай – Конкурс) қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу және Конкурстың қорытындысын шығару.

Күн тәртібі бойынша, Комиссия төрағасы отырысты ашық деп жариялап, Комиссия мүшелерінің Серіктестіктің 25.04.2024 жылғы «сенімгерлік басқарушыны таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы» №375 бұйрығы негізінде жиналғанын және Конкурс бойынша түскен өтінім конверттерді ашу рәсіміне өту жөнінде жеткізді.

Өтінімдерді тіркеу журналы бойынша, Конкурсқа барлығы 6 (алты) ниет білдірген келесі қатысушылардың конверттері ашылды:

1. **«СпецМаш ЛТД» ЖШС-гі** (БСН 111 040 000 807) өтінім 26.04.2024 жыл шығыс №70/24;
2. **«Uly Dala Transport» ЖШС-гі** (БСН 160 340 026 967) өтінім 25.04.2024 жыл шығыс №25/2024;
3. **«Альянс Ойл сервис» ЖШС-гі** (БСН 060 140 013 633) өтінім 26.04.2024 жыл шығыс №58/24;
4. **«Дунай инвест групп» ЖШС-гі** (БСН 160 740 006 550) өтінім 26.04.2024 жыл шығыс №79;
5. **«Кулан и К» ЖШС-гі** (БСН 050 940 006 088) өтінім 26.04.2024 жыл шығыс №78-04;
6. **«МунайСпецСнаб Компани» ЖШС-гі** (БСН 080 240 006 337) өтінім 25.04.2026 жыл шығыс №88.

Түскен өтінімдер және оларға қоса тіркелген құжаттар, Комиссия мүшелерімен конкурстық құжаттама талаптарына, бекітілген критерийлермен талап етілген құжаттар тізіміне сәйкестігі қаралды.

Сонымен қатар, Комиссия мүшелеріне, өтінім берген қатысушылардың дайындаған презентациялары көрсетіліп, арада сұрақ алмасу диалогы өтті.

Өтінімдерді қарау нәтижесінде ұсынылған 6 (алты) өтінімнің барлығы конкурстық құжаттамаға сәйкес емес деп танылды. Соның ішінде ең басты себептері:

1. Талап етілген Жетібай к/о орналасқан, бос және талаптарға сәйкес келетін өндірістік базаның жоқ екені;
2. Сенімгерлікке берілетін мүлікті басқаратын және оған қызмет көрсететін өндірістік персоналдың, Конкурсқа қатысушының жалғыз өндірістік персоналы болатынына кепілдік беру талабына сәйкес келмейді.

Комиссия төрағасы, тиісті өтінімдердің болмауы себебінен Конкурс өткізілмеді деп танылатыны туралы хабарлады және Конкурстық құжаттаманы өзгерту және толықтыру мақсатында, Комиссия мүшелерінен ұсыныс беруді сұрады.

Бұл ретте, Жұмыскерлер өкілдері, Конкурстық құжаттаманы пысықтап, оның мазмұнына толықтыру енгізу жөнінде ұсыныс келтірді, атап айтқанда сенімгерлікке берілетін мүліктің құрамында Жетібай к/о орналасқан «West Oil Software» ЖШС-нің (әрі қарай – WOS) сенімгерлік басқаруындағы өндірістік базаны және арнайы техникалардың тізімін көрсетуді, сондай-ақ жаңа сенімгерлік басқарушыға берілетін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның жұмыс көлемін көрсету қажет екені туралы жеткізді.

Сондай-ақ, басқа Комиссия мүшесінен, Конкурс бойынша қосымша ұсыныс келіп түсті, соның ішінде: біріншіден, конкурстық құжаттаманы қосымша талаптармен толықтыру, атап айтқанда қатысушы компанияның инвестициялық даму жоспарын,



жұмыс көлемін толық атқару үшін қосымша техникамен толықтыру мүмкіндіктерін, жұмыскерлерді орналастыру мақсатында сенімгерлік басқарушының 100% еншілес жаңа компаниясын ашу туралы ақпаратпен толықтыру; екіншіден, WOS қолданыстағы ұжымдық шартын конкурстың құжаттарына қосу.

Комиссия мүшелерінің пікір алмасу қорытындысы бойынша төмендегідей **ШЕШІМ** қабылданды:

1. Мүлікті сенімгерлік басқаруға беру үшін сенімгерлік басқарушыны таңдау бойынша Конкурсқа ұсынылған өтінімдердің конкурсттық құжаттамаға сәйкес болмауына байланысты, сенімгерлік басқарушыны таңдау бойынша Конкурс қайта жариялансын.

Комиссия төрағасы



Н. Арипов

Отырыс хатшысы



Ж. Камалова